

2000 жылғы 13 маусымдағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасы Үкіметінің арасындағы білім беру саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттаманы бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 16 наурыздағы № 141 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған 2000 жылғы 13 маусымдағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасы Үкіметінің арасындағы білім беру саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттама бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2016

жылғы

16

наурыздағы

№

141

қаулысымен

бекітілген

2000 жылғы 13 маусымдағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасы Үкіметінің арасындағы білім беру саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттама

(2016 жылғы 4 мамырда күшіне енді - Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары бюллетені, 2016 ж., № 3, 53-құжат)

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі

2000 жылғы 13 маусымдағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасы Үкіметінің арасындағы білім беру саласындағы ынтымақтастық туралы келісімнің (бұдан әрі - Келісім) 7-бабын басшылыққа ала отырып, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Келісімге мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«Осы Келісімде мынадай ұғымдар пайдаланылады:
«жіберуші Тарап» - білім алушыларды қабылдаушы Тарапқа жіберетін Тарап;
«қабылдаушы Тарап» - жіберуші Тараптың білім алушыларын қабылдайтын Тарап.

»

2. 2-бап мынадай редакцияда жазылсын:
«Тараптар жыл сайын 40 адам бакалавриат, 10 адам магистратура бағдарламалары бойынша толық оқу курсына білім алушылармен баламалы алмасуды жүзеге асырады.

Қабылдаушы Тарап алмасуға қатысушыларды оқуға, оқу құралдарын, ғылыми-техникалық құжаттаманы, зерттеу жабдығын пайдалануға төлем төлеуден б о с а т а д ы ж әне о л а р д ы ң :

оқытатын мемлекетте қолданылатын білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес оқуын, ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізуін; өз мемлекетінің азаматтарымен тең жағдайда жоғары оқу орнының жатақханасында т ұ р у ы н ;

қабылдаушы Тараптың денсаулық сақтау саласындағы ұлттық заңнамасы шеңберінде медициналық қызмет алуын қамтамасыз етеді.

Қабылдаушы Тарап алмасуға қатысушыларға өз мемлекетінің ұлттық заңнамасына с ә й к е с с т и п е н д и я төлейді.

Көлік шығыстарын төлеу алмасуға қатысушылар есебінен жүргізіледі.».

3. 3-бап мынадай редакцияда жазылсын:
«Жіберуші Тарап жыл сайын 1 наурыздан кешіктірмей қабылдаушы Тарапқа осы Келісімнің 2-бабына сәйкес оқыту қажет мамандықтардың тізімін ұсынады.

Қабылдаушы Тарап жыл сайын 30 маусымға дейін жіберілген мамандықтар бойынша кандидаттарды қабылдау мүмкіндігі туралы жіберуші Тарапты хабардар етеді , сондай-ақ Тараптар мемлекеттерінің қабылдаушы білім беру ұйымдарының атауларын х а б а р л а й д ы .

Жіберуші Тарап қабылдаушы Тарапқа оқу басталғанға дейін екі аптадан кешіктірмей, алмасуға қатысушылардың келу күнін хабарлайды.

Қабылдаушы Тарап жіберуші Тарапты осы Келісім шеңберінде оқуға қабылданған алмасуға қатысушыларды орналастыру туралы хабардар етеді.».

4. 5-бап мынадай редакцияда жазылсын:
«Тараптар өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес Тараптар мемлекеттерінің білім беру ұйымдары беретін мемлекеттік үлгідегі білім туралы құжаттарды тануды және олардың баламалылығын белгілеуді қамтамасыз етеді.

Тараптар жоғары білім, ғылыми дәрежелер мен атақтар туралы құжаттарды тану және олардың баламалылығын белгілеу мәселелері жөнінде ақпарат алмасуға және консультациялар жүргізуге жәрдемдеседі.».

2-бап

Осы Хаттама Келісімнің 8-бабында белгіленген тәртіппен күшіне енеді және Келісім қолданысының тоқтатылуымен бір мезгілде өз қолданысын тоқтатады.

2015 жылғы 14 қыркүйекте Душанбе қаласында әрқайсысы қазақ, тәжік және орыс тілдерінде екі төлнұсқа данада жасалды.

Осы Хаттаманың ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінеді.

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін

Тәжікстан Республикасының

Үкіметі үшін